

**Тауарларды жою нәтижесінде пайда болған
қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану
үшін жарамсыз деп тану қағидаларын бекіту
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28
маусымдағы № 391 қаулысы.

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
04.07.2018 ж.; "Егемен Қазақстан" 03.07.2018 ж., № 123
(29354); "Казахстанская правда" от 03.07.2018 г., № 123
(28752);

2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан
Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан
Республикасы Кодексінің 332-бабының 4-тармағына сәйкес
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Тауарларды жою
нәтижесінде пайда болған қалдықтарды одан әрі
коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану
қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі.

*Қазақстан
Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан
Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 28
маусымдағы
№ 391
қаулысымен
бекітілген

**Тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтарды
одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану
қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 332-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар Кодексте көзделген кедендік рәсімдермен орналастыруға жататын қалдықтарға қолданылмайды.

2-тарау. Тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану тәртібі

3. Тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану комиссиялық түрде жүзеге асырылады, тауарларды жою актісінде Кодекстің 331-бабында белгіленген тәртіппен және нысанда тіркеледі.

4. Қажет болған жағдайда, тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп айқындау үшін жою кедендік рәсімімен тауарлардың орналастырылуын бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы өзге мемлекеттік органдардың мамандарын және тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

5. Тауарларды жою актісіне барлық комиссия мүшелері және қатысқан адамдар қол қойған сәттен бастап коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп танылған қалдықтар Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары мәртебесіне ие болады және кедендік бақылауда емес деп есептеледі.